

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 56 – 59

THE WISE SAYINGS OF FIRDAUSI IN «SHAHNAME» POEM

B. Sh. Batyrkhan, L. N. Toktarbekova

¹MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: Firdausi, Shahnama, humanity, justice, freedom, spirituality, benefit, wisdom.

Abstract. There is a brief scientific review of outstanding East thinker Firdausi about humanism and wisdom problems in «Shahname» poem in the article. The excerpt of poetry expresses his wise sayings.

ӘФЖ94(574)02/08

ФИРДАУСИДІҢ «ШАҢНАМА» ДАСТАНЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ ОЙЛАР

Б. Ш. Батырхан¹, Л. Н. Тоқтарбекова²

¹ҚР БФМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: Фирдауси, Шаңнама, адамгершілік, әділдік, ерлік, рухани, жақсылық, даналық.

Аннотация. Мақалада шығыстың ұлы шайыры Әбілқасым Фирдаусидің «Шаңнама» дастанындағы адамгершілік, даналық ойлары жайлы қысқаша ғылыми шолу жасалады. «Шаңнамадан» келтірілген өлең жолдары арқылы ақынның даналық ой-толғаулары көрсетілген.

Ислам өркениетінің аясына ұйысқан парсы әдебиеті орта ғасырларда қарқынды даму жолына түсті. Ежелден Зороastr дінін ұстанып келген парсылар Ислам дінін қабылдаған соң, мәдениет пен әдебиетте ірі сілкініс жасағаны тарихтан белгілі. Өуелі самандықтар билігі тұсында бастау алған Рудаки, Дакики, Фирдауси секілді шайырлар шоғырын бертінге сефевидтер, ғазнеуидтерден бастап, соңғысы қажарлар билігіне дейінгі аралықта көптеген шайырлар өмір сүріп, өздерінің қайталанбас асыл жаутарларын дүниеге алып келді.

Әдеби дамудың барысында хорасандық, ирактық және үнділік стильдермен қalam тербеген шайырлар өз заманының жырышысы болып қана қоймастан, кейінгі ұрпаққа мәңгілік мұдра қалдырып кетті. Рудакидің ғазалдары, Фирдаусидің «Шаңнамасы», Омар Хаямның рубайлары, Хафиздың ғазалдары, Сағидидың «Бостаны» мен «Гүлістаны», Аттардың «Тәзкирәтүл-әулиясы», Санайдың «Сәйрул-ибады», Низамидың хамсасы мен Жәмидің «Баһаристаны» әлем әдебиетінің асыл қазынасы десек артық айтқандық емес. Орта ғасырларда бұл ақындардың шығармаларын оқымаған ақын кемде кем болатын. Олар парсы әдебиетін дамытып қоймастан, көрші жатқан халықтардың әдебиетіне де қатты әсер ете білді. Ежелден Иран мен Тұран болып қатар жатқан екі елдің арасындағы әдеби байланыстардың жанданатын тұсы да осы кез. Сондай халықтар арасындағы мәдени қарым-қатынасқа «алтын көпір» қызметін атқарған шайыр Әбілқасым Фирдауси болатын. Оның қalamынан туындаған «Шаңнама» дастаны Иран мен Тұран, одан бергісі парсы мен қазақ әдебиетінің байланысына зор әсер етті.

«Шаһнама» – Иран шежіресі. Мұнда адамның пайда болуынан бастап, адамзат өркенистінің кемелденуіне дейін және жамандықпен үнемі куресу мен тарихи дәуірлер жайлы айтылса, ең соңғы ежелгі үкімет құлдырағанға дейінгі Иран мен ирандықтардың бірнеше мың жылдық ғұмырының тарихы да қамтылады. «Шаһнама» Иран халқы мен мемлекетінің бірнеше мың жылдық мұрасының қазынасы және ирандық ой-пікірдің энциклопедиясы болып саналады.

Иранның бірнеше мыңжылдық жарқын тарихында өз елінің мөртебесін көтерген ұлы тұлғалардың есімдері алтын әріптермен жазылып, төрткүл дүниеге танымал болды. Дүниеден өткен әйгілі тұлғалар артында қалдырган мол мұралары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, есімдері еш ұмытылмай келеді. Солардың ішінде Әбілқасым Фирдаусидің алатын орны ерекше. Өмірі аңызға айналып кеткен ақын Фирдауси X ғасырда дара туған әдебиет алыптарының бірі. Иран Хорасаныңдағы Тұс деп аталатын қалада 932 жылы дүниеге келген. Фирдауси – жұмақ деген мағынаны береді. Бұл ақынның тахаллусі (лақап аты). Фирдауси кедейленген ақсүйек-диханның отбасында дүниеге келген. Кейін келе ол дана, ғалым атанған, көп тілдерді менгерген [1].

Аңыз әңгімелерді, дастан, хикаяларды тарихи оқиғалармен ұштастырып, оларды бір жүйеге келтіру ісі «Шаһнаманың» жазылуына себеп болды. Осындай ауқымды іске алғаш болып Дақики атты ақын кіріседі. Бірақ та ол 977 жылы қайтыс болып, басталған жұмыс аяқтаусыз қалады. Бұл еңбекті ары қарай Әбу Мансури жалғастырып, бірақ ол да аяқтамайды. «Шаһнаманы» толықтай жазып, оны керемет кейіпкерлермен, шытырман оқиғалармен суреттеп, әлемдік әдебиеттің інжумаржанына айналдыру Әбілқасым Фирдаусиге бұйырған сияқты. Фирдауси халық арасында ауызша тараған немесе жазбаша түрде сақталған бірқатар көне ирандық аңыздарды жинап, өлеңге айналдырыды. Фирдауси өмірлік еңбегін 35 жасынан бастап, 71 жасында аяқтаған. Басынан өткен қыыншылықтар мен кедергілердің біразы сол заманда болған тарихи жағдайларға байланысты болды. 992 жылы «Шаһнаманың» бірінші аяқталуға аз калғанда Саманилердің астанасы Бұхараны түркітілдес Қарахан әскерлері басып алады. Осы кезеңде Фирдаусидің атқарған еңбегі ескерусіз қалды. Бірақ та, ақын алған бетінен қайтпай, шығармасының келесі бөлімдері жазуға бар ынталасымен кіріседі. Араға 35 жыл салып Фирдауси әлемге атын шығарған шығармасын 1009 жылы аяқтады. Ол көлемі бойынша екі жолдан тұратын 60 мың бәйіттен тұратын, мазмұны жағынан Иран халқының 4000 жылдық тарихи мен мәдениетін қамтиды.

Фирдаусидің әлемге танымал болған «Шаһнама» дастанын жазуы туралы белгілі шығыстанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Жеменей: «Парсы тілінің таралуына үлкен енбек сінірген Фирдоуси. Оны Иранның ұлттық ақыны деп есептейді. Әуелгіде ақындар проза түрінде жазылған патшалар тарихын жырға аударсақ деп арман қылады. Соның арасынша Дақики деген кісі ең бірінші аудармасын жасайды. Бірақ жас кезінде қаза табады да, аударма аяқталмай қалады. Біраз уақыт өткеннен кейін, жас ақын Фирдоусидің сарайға жолы түсіп, кітапханадан «Шаһнаманы» көріп, қызығады. Қара сөзді поэзияға айналдырысам деп. Бұрынғы аударғандарды осыған қосып, кейір тарауларды өзі қосып аударған екен» дейді [2].

Ғазнауiler билігі басталған шақта мемлекет жағдайы жақсаратынына үміттенген ирандықтар Махмұт Ғазнауиге қолдау көрсетті. Өйткені ол біріккен мықты ирандық үкімет құрады деп үміттенді. Фирдауси «Шаһнама» шумақтарында осы тақырып жайында жазған. Ол Махмұттың билікке келуін сипаттап, осы орайдағы Иран халқының барлық үміттерін баяндаған.

Фирдауси «Шаһнамасында» аңыздық, палуандық және тарихи кезеңдер түрлі пішіндерде суреттелген. Шаһнаманың аңыздық кезеңі ең алғашқы патша Киамырстан басталып, Фаридунның пайда болуымен аяқталады. Сонымен қатар ұста Кауаның көтерілісінен бастап Рұstemның өліміне дейінгі әңгіме «Шаһнаманың» палуандар бөлімін құрайды. Ескендердің Иранды сондай-ақ сасанилер үкіметін жауалауы Фирдауси «Шаһнамасын» тарихи бөлімін қамтиды.

Жақсылық пен жамандықтың аяқталмас куресі, әділетке баса айту және әділетсіздікке жол бермеу, адам өмірі мен әлемнің тұрақсыздығы Фирдаусидің адамгершілік бейнесі мен «Шаһнаманың» философиялық және адамгершілік табиғатын көрсетеді.

«Шаһнама» дастандарына терең ой салатын болсақ, зұлымдықты жену оның ажыратылmas бөлігі екенін көреміз. Әкімдер мен палуандардың тағдыры, олардың шыншылдығы немесе қисықтығы, жақсылығы мен жамандығына және бақыты мен бақытсыздығына байланысты. Фирдауси шығармасында адамгершілік жүйе басым екендігін мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Рұстем бата берді қолын жайып:
«Ей, балам, бақ-дәүлетке өт, – деп, – байып»
Барабар бойыменен алтын беріп,
Кей-Қысырау көрсөтті орын тақтан тайып [3, 14 б.]

«Шаһнаманың» деректері Тұстың ұлы шешеніне осы адамгершілік негізді сақтауға рұқсат бермеген жағдайда Фирдауси өзінің әсерлі екпінімен тыңдаушының ойын бекер нәрседен ауытқытып, ойландыралық философиялық дүниеге жетелейді.

Иран мен Тұран батырларының айқасы – «Шаһнаманың» ең көркем бөлімдерінің бірі. Фирдауси сол батырлар жөнінде халық арасына жайылып кеткен, ертегі, дастандардың желісін шебер қызыстырып, өзінің ұлы поэмасына өзек ете білгені көрінеді.

Рұстем образы «Шаһнамадағы» белді, білікті образдарының бірі. Оның ерлігі – «Шаһнаманың» үштен бір бөлімін алады. Рұстем өлімімен шығарманың батырлар бөлімі тамамдалады. Фирдауси өзінің айтпақ жарқын идеялары мен көзқарастарының көбін осы батырлардың іс-әрекеттеріне жүктейді.

Ерлікті кейде фантастикалық дәрежеге көтерсе де, автор халық шығармасына тән шынайы қасиеттен бір елі ажырамайды, оны өрістете түседі.

...Үйретіп өнер, білім, тәрбие қыл,
Өзіңнен өніп-ескен балаңдай біл...
...Бірзамын осыны етсөн, батыр, саған,
Болғаның шын сүйер дос сонда маған... [4, 832 б.]

– деп ҮІспандиярдың өлер кезінде Рұстем батырға баласын аманат қылып табыстауы...

...Рұстем Баһыманды тұтынып ұл,
Үйретті әртүрлі өнер жиырма жыл... [4, 835 б.]

Рұстемнің ол баланы жиырма жыл бағып-қағуы шынайы өмірде адамзат қолынан келетін адамгершілік қасиеттер.

Жақсылық пен жамандық, озбырлық пен махаббат, жауыздық мен адамгершілік күресі батырлар бөлімінде ерекше екшеліп, Фирдаусидің терең ойларын толықтыра түседі.

Осы тұста Рұстемге бауыры Шапаттың тарапынан жасалған қастандықты айта кеткен дұрыс:

Кетті деп көзін салса Шапат қайда,
Күліп тұр ат үстінде анадайда.
Білді де Рұстем санын соқты,
Болғаның бұл сүмдіктың соナン пайда [4, 309 б.].

Ақын Шапаттың Рұстемге жасаған қастығы арқылы адамға жауыздық қылып, мақсатқа жету мүмкін еместігі былай жырлайды:

Бойымен сол жығылған жаңын кешті,
Рұстемнен бұрынырақ өзі көшті.
Күншілдің күні туып, көнілі өспейді,
Ешкіммен есін болса болма өшті [4, 310 б.].

Шаһнама Иран елі мен ирандықтардың мыңжылдық тарихы мен өмірін баяндайды. Осы ұлы шығарма алғашқы адамның пайда болуы және адамзат өркенистінің бой көтеріп толығумен басталып, барлық шайтандық көріністермен үнемі шайқас дастаны, сондай-ақ тарихи кезеңдер және патшалықтардың билігімен жалғасын табады. Содан соң ақырында «Шаһнама» Иранның ең соңғы, ежелгі патшалығының құлдырауымен аяқталады. Фирдауси «Шаһнамасының» негізгі тақырыбы – Иран елінің тағдыры болып табылады. Фирдауси бұл шығарманы барлық адамзатқа мәнгілік жолдау ретінде қалдыруға тырысты.

Фирдауси «Шаһнамасының» тағы бір маңызды пайымы – ұлтшылдықты әшкөрлеу. Фирдаусидің отан сүйгіштігі, әрдайым байсалдық, ақылдық және мейіріммен бірге және ұлтшылдықтан түбекейлі аулақ. «Шаһнамада» Иранға деген сүйіспеншілік, Иран халқының мәдениетіне, елдің қауіпсіздігі мен абаттануына және осы ел халқының еркіндігі мен тыныштығы кең түрде баяндалады. Фирдауси шапқыншыларды олардың ұлты, нәсілі үшін емес, бөтендердің бұл жерге нақақтан басып кіруіне байланысты жек көреді.

Қорыта келгенде, орта ғасырлар тұсында жазылған әдеби мұралардың қазақ мәдениетінде алар орны ерекше. Фирдоусидің «Шаһнама» дастанында сүйіспеншілік сезімін өз ойына өзек етіп, имандылық пен адамгершілік туралы өнегелі пікірлер айтқан. Бұл енбек таусылмас рухани байлықтың көзі болып табылады. Ақынның «Шаһнамасы» қазіргі заманғы мәдениет үшін философиялық, этикалық маңызы зор, оның тағылымы жастарды дүниетанымдық сипатта тәрбиелейді.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Күмісбаев О. Фирдауси және «Шахнама» // Туркістан газети.
http://archive.turkystan.kz/page.php?page_id=35&id=3512.
- [2] Он айда «Шаһнаманы» бердім жазып... // Халық сөзі. – 2014. – № 4 (308).
- [3] Рұстем-Дастан. Фирдауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр / Изділеуұлы Тұрмагамбет. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2004.
- [4] Рұстем-Дастан. Фирдауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр. 1-2 кітап / Изділеуұлы Тұрмагамбет. – Алматы: Аударма, 2012.
- [5] Иран әдебиетінің тарихы: Оқу қуралы. 2-басылтуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
- [6] Фирдоуси. Шах-наме / Пер. с фарси. – М.: Художественная литература, 1972.

REFERENCES

- [1] Kumisbayev O. Firdausi and «Shahnama». The Turkistan newspaper.
http://archive.turkystan.kz/page.php?page_id=35&id=3512. (in Kaz.).
- [2] On ajda «Shahnamany» berdim zhazyp... Xalyq səzi. 2014. N 4 (308) (in Kaz.).
- [3] Rustem-Dastan. Firdausi «Shahnamacupyň» zhelicimen zhazylfan қaharmandyқ zhyr. Iztileyylı Tұrmagambet. Ekinshi kitap. Almaty: Zhazushy, 2004 (in Kaz.).
- [4] Rustem-Dastan. Firdausi «Shahnamacupyň» zhelicimen zhazylfan қaharmandyқ zhyr. 1-2 kitap. Iztileyylı Tұrmagambet. Almaty: Aydarma, 2012. (in Kaz.).
- [5] Iran literature history: textbook. 2-edition. Almaty: Kazakh univesity, 2009. (in Kaz.).
- [6] Firdausi. Shakhname. Tran. from farci. M.: Xydozhectvennaya literatuya, 1972.

МУДРЫЕ ИЗРЕЧЕНИЯ ФИРДОУСИ В ПОЭМЕ «ШАХНАМЕ»

Б. Ш. Батырхан, Л. Н. Токтарбекова

¹Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан,

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: Фирдоуси, Шахнама, гуманизм, справедливость, свобода, духовность, благо, мудрость.

Аннотация. В статье предоставлен краткий научный обзор взглядов Абулкасыма Фирдоуси о проблемах нравственности и мудрости, которые были затронуты поэме «Шахнаме». Указанные в статье выдержки из стихов поэмы выражают его мудрые изречения.

Поступила 12.01.2015г.